



## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және «Қазақстан Ұлттық Банкі» АҚ арасында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бойынша өзара көмек жөніндегі меморандумға қол қою туралы

2014 ж. 25 маусым

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҚР ҰКП) және «Қазақстан Ұлттық Банкі» АҚ (бұдан әрі - Банк) арасында жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бойынша ақпараттың қол жетімділігін арттыруға және мемлекеттік бағдарламаларды ілгері бастыруға бағытталған шаралар кешенін көздейтін Өзара көмек жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Қол қойылған меморандум шеңберінде Банк шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кешендік кеңес беруді іске асыратын болады. Кеңес беруді Банктің барлық филиалдарының арнайы дайындалған қызметкерлері қызметтердің кең көлемі бойынша ақысыз негізде жүргізеді.

Кәсіпкерлердің келесі толық ақпаратты алу мүмкіндіктері болады:

- бизнес ерекшеліктерін есепке алатын болжамды қаржыландыруды дұрыс құрылымдау бойынша;
- кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанын есепке алумен салық салу мәселелері бойынша;
- мемлекет екінші деңгейдегі банктермен бірге іске асыратын бағдарламалар шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шарттары бойынша;
- кәсіпкердің мүмкіндіктері мен мүдделерін барынша толық есепке алатын аса тиімді шарттарды ұсыну мүмкіндігімен, банк көрсететін қызметтердің толық тізімі бойынша,.

Бұған қоса, Банк және ҚР ҰКП Өңірлік кәсіпкерлер палаталарының қызметкерлерін және де Даму КДҚ АҚ және осы саладағы өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тартумен семинарлар жүргізуді жоспарлауда.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Баспасөз қызметі  
тел. +7 727 2 590 816, [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)